

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ
БІЛІМ БЕРУ УӘЗІРЛІГІ
ӘЖІНИЯЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ИНСТИТУТЫ**

**ТҮРКІ ТІЛДЕР ФАКУЛЬТЕТІ
ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ мамандығы бойынша**

4 курс студенті Сарсенбаева Қызлархан

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

Тақырып: Қадыр Мырзалиев шығармаларының өзіндік ерекшеліктері

ҒЫЛЫМИ БАСШЫ:

ф.ғ.д. (PhD) доц. Т.Торткулбаева

НӨКІС-2021

Бітіру мамандық жұмысы Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы мәжілісінің 2021 жыл ___ № _____ санды протоколымен қорғауға ұсынылды.

Түркі тілдер факультеті

деканы:

ф.ғ.к. доц. Б.Давлетов

Кафедра меңгерушісі:

ф.ғ.д. (PhD) доц. Ы.Қуттымуратова

Ғылыми жетекші:

ф.ғ.д. (PhD) доц. Т.Торткулбаева

Сарсенбаева Қызларханның **«Қадыр Мырзалиев шығармаларының өзіндік ерекшеліктері»** тақырыбындағы бітіру мамандық жұмысына мемлекеттік аттестация комиссиясы қарарымен

« ____ » (_____ %) қойылсын.

« ____ » _____ 2021 жыл

МАК хаткері:

ф.ғ.д. (PhD) доц. Т.Торткулбаева

Автордың аннотациясы

Кіріспе

I ТАРАУ

I.1. Ақын өлеңдері – шындықтың айнасы

I.2. Қ.Мырзалиевтің азаматтық лирикасы

II ТАРАУ

II.1. Қ.Мырзалиевтің философиялық лирикасы

II.2. Лирикалық кейіпкер және ұлттық мінез

III ТАРАУ

Қадыр Мырзалиевтің «Нұр» өлеңіне байланысты сабақтық үлгі

Қорытынды

Пайдаланған әдебиеттер

АВТОРДЫҢ АННОТАЦИЯСЫ

Тақырыптың көкейтестілігі: Мектептегі оқу мен тәртібінің өмірмен, қазақ әдебиетіне сүбелі үлес қосқан ақын-жазушылар шығармашылығымен, ондағы адамгершілік пен биік парасат, туған жерге, елге, ұлттық құндылықтар мен туған тілге құрмет сияқты ұлы сезімдермен байланысты нығайту әдебиет мұғаліміне үлкен міндет жүктейді. Әдебиет сабақтарда оқушылардың дүниеге көзқарасын қалыптастырады, олардың идеялық-саяси және моральдық-эстетикалық жақтарынан өсіп жетілуіне көмектеседі, ал сыныптан тыс әр халықтың дәстүр-сенімдерін үйреніп отыру олардың ғылыми-этнографиялық ойлай білушілік қабілетін жетілдіріп, ізденімпаздығы мен талғамын дамытады.

Қадыр Мырзалиев біздің дәуіріміздегі әлемдік аренаға шыққан қазақ поэзиясының көкжиегін кеңейтіп, мазмұнын сапаландыруға, көркемдік деңгейін биіктетіп, мәртебесін көтеруге айрықша еңбек сіңірген, «Қазақтың Қадыры» деп танылып, халқы ардақтаған бірегей тұлға, ерекше дарын иесі. Қадыр Мырзалиев жасөспірімдерге арналған өлең, жаңылтпаш, жұмбақ, мысалдардан тұратын ондаған жинақ беріп, балалар әдебиетін дамытуға да үлкен үлес қосқан, өлеңдері әлемнің көптеген тілдеріне аударылған, өзі де Руми, Гейне, Гюго, Лермонтов, Есенин, Гамзатов, Межелайтис, Петефидің жырларын қазақ тіліне сәтті тәржімалаған көркем сөздің хас шебері еді. Ақынның озық үлгілі туындылары қазақ әдебиетінің алтын қорын байытқан жауһарлар қатарынан орын алып, болашақта да ұлтымыздың рухани қазынасына айнала бермек.

Жұмыстың мақсаты мен міндеттері: Әдебиеттің адамтану, қоғамтанудағы қызметі-оқушылардың творчестволық ойлауы мен қабілетін жетілдіруге, ауызша және жазбаша сөйлеуді меңгеруіне, шәкірттердің эстетикалық мұраттары мен талғамын дұрыс танып, ұлттық әдебиет жайын ұғына білуіне бағытталады. Жалпы айтқанда әдебиет сабағында ақын-

жазушылардың шығармашылығын оқу арқылы оқушының ой-санасын дамыту, көркем шығарма оқуға, ғылыми ізденуге деген ынтасын қалыптастыру болып табылады.

Зерттеу объекті мен предметі Зерттелу нысаны:

Ғылыми жұмысымның зерттелу нысаны – Қадыр Мырзалиев өлеңдері және оны мектепте оқыту тәсілдері.

Зерттеу методикасы мен әдістері: Жұмысты жазу барысында салыстыру, жүйелеу, баяндау, бақылау, сипаттау, салыстырмалы, мазмұндық сипаттау, сын тұрғысынан ойлау, іздену әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалықтары: Зерттеу жаңалығы тақырыптың актуальдығына байланысты. Қадыр Мырзалиев шығармашылығын мектепте оқыту арқылы патриоттық, адамгершілік сияқты мәселелерге кеңінен тоқталады.

Ғылыми жұмыс жалпы алғанда қазақ әдебиетінің дамуы мен өрлеуіне, поэзия жанрының тереңдеуі мен кемелденуіне өз үлесін қосқан Қадыр Мырзалиев өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктерін түрлі әдіс, тәсілдерді қолдана отырып зерттеу.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы мен ұсынысы:

Қ.Мырзалиев шығармашылығы арқылы ұлттық ерекшелік, ұлтжандылық секілді ұғымдарды танытудағы мұғалім шеберлігі оқушының дүниеге көзқарасын қалыптастыруда, ой-санасын тереңдетуде, сондай-ақ қазақ халқының ұлттық мәдениетіне болған қызығушылығын арттыруға тигізер әсері мен көмегі мол.

Диплом жұмысында айтылған студенттің ұсыныс-пікірлері жоғары және арнаулы орта оқу орындары студенттері мен мектеп мұғалімдері үшін аса қажетті мәліметтер ретінде пайдалануға болады.

Жұмысымызда ғылыми сараптама жасап жаңалық ашпағанмен іздену барысында мектепте әдебиет пәнінен сыныптан тыс сабақтарды өтуде осы

мәселенің басын ашатындай дәрежеге жеттік. Диплом жұмысын жазу арқылы төмендегілерді ұсынамын:

1.Қадыр Мырзалиевтің балаларға арналған жаңылтпаш, жұмбақтары бастауыш сынып оқулықтарына енгізілсе;

2.Жоғарғы сынып оқулықтарына көркем тілмен, өрелі оймен жеткізілген мұралары енгізілсе;

3.Жыл сайын республика көлемінде «Қадыр оқулары» өткізілсе;

Жұмыстың құрылысы мен ізбе-ізділігі: Ғылыми жұмыс кіріспе, зерттеу бөлімі, қорытынды мен әдебиеттер тізімінен тұрады.

Диплом жұмысы кіріспеден, негізгі екі бөлімнен тұрып, қорытындыда зерттеу нәтижелеріне толық тұжырым жасалды.

Ғылыми басшы:

ф.ғ.д. (PhD) доц. Т.Торткулбаева

Студент:

Қ.Сарсенбаева

КІРІСПЕ

Тәуелсіздік жылдарында мемлекетімізде көркем әдебиетті шығармашылық даралық метод көз қарасынан талдай отырып, көп нәтижелерге жеттік. Көркем образ жасау шеберлігімен байланыста зерттеу әдебиеттанудың алдындағы ең маңызды мәселелердің бірі. «Әдебиет және көркемөнерге, мәдениетке көңіл бөлу – бұл, алдымен, халқымызға көңіл бөлу, болашағымызға көңіл бөлу екендігін, әдебиет, мәдениет жасаса ғана, халық жасауы мүмкін екендігін ұмытуға біздің ақымыз жоқ¹».

Тәлім мазмұны оқыту системасының маңызды құрамды бөлігі болып, оның негізгі мақсаты тәлім мазмұнының МТС-да белгіленген талаптарға сай болуы тиіс. Оқыту системасында ұйымдастырушылық-басқару, экономикалық, хұқықтық реформалардың мәні жаңа жоғары сапалы білімдендіру процесін ұйымдастырудың барлық мүмкіндіктері мен механизмін белгілеп беруді талап етеді. Мұндай ұйымдастырушылық іс-әрекеттердің мақсаты жаңаланған тәлім мазмұнын практикада қолдану болып табылады.

Қадыр Мырзалиев 1935 жылы 5 қазанда Орал облысының Жымпиты кентінде туған. 1958 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін тамамдаған. Еңбек жолын сол кезде жаңадан ашылған балалар журналы «Балдырғаннан» бастаған. «Жұлдыз» журналы редакциясында поэзия және сын бөлімінің меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары, 1968-1973 жж. «Жазушы» баспасында қазақ поэзиясы бөлімінің меңгерушісі, кейін Қазақстан Жазушылар одағында поэзия секциясының кеңесшісі болған.

¹ Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзиёевтің «Адабиёт ва санъат, маданиятни ривожлантириш – халқимиз маънавий оламини юксалтиришнинг мустақкам пойдеворидир» тақырыбындағы Өзбекстан шығармашыл зиялылары өкілдерімен ұшырасудағы баяндамасы// Халқ сўзи. – Тошкент, 2017, 4 август.

Тұңғыш туындысы 1954 жылы «Пионер» журналында жарияланды. Содан бергі уақыт ішінде 40-тан астам жыр жинақтары мен әдеби — сын, ән өлеңдері мен прозалық кітаптары: «Көктем» (1959), «Данышпан» (1961), «Сабақ», «Ой орманы» (1965), «Дала дидары» (1966), «Бұлбұл бағы» (1967), «Ақ отау» (1968), «Күміс қоңырау», (1970), «Домбыра» (екі кітап, 1971, 1974), «Кеш» (1973), «Жерұйық» (1976), «Қорамсақ», «Көкпар», «Қызыл кітап», «Алақан» (1981), «Саз сиқыры» (1982), «Күндер-ай» (1984), сондай-ақ тоқсаныншы жылдары таңдамалы шығармаларының 5 томдығы, ал 2001 жылы «Қазығұрт» баспасынан 15 томдығы шыққан. Бірнеше пьесасы сахнада қойылған.

Өлеңдері көптеген шетел тілдеріне аударылған. Ол Овийдің, Гейнениң, Гюгоның, Лермонтовтың, Есениннің, Расул Ғамзатовтың, Межелайтистің, Петифидің, т.б. жырларын қазақ тіліне аударған.

1966 жылы «Ой орманы» жинағы үшін Қазақстан Ленин комсомолының сыйлығы берілді. 1980 жылы «Жерұйық» жыр кітабы үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақстан Республикасының Әнұраны жаңа мәтіні авторларының бірі. 2001 жылы Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығын алды.

Адам шынын айтамын деп сырын айтса, онда ол – оның жамандығы. Ал ақын шынын айтамын деп сырын айтса, онда бұл оның ақындығы. Ал ақын шынын сырға бөлеп, сырын шынға балап толғанса, өзі ғана толғанбай, өзгелерді де толқытса онда бұл – оның даналығы. Өмірін өлеңіндей, өлеңін өміріндей сүю, шынын сырға бөлеп, сырын шынға балап толғану , өзі ғана сүймей, өзгені де сүйсінтіп, өзі ғана толғанбай, өзгені, қалың жұртты толқыта жырлау – Қадыр Мырзалиевтің шығармашылық асыл қабілеті, әрі ақындық асыл қасиеті.

Қадыр Мырзалиев алпысыншы жылдары қалың қазақты өзіне жалт қаратқан бірегей тұлғалардың сойынан еді. ол қазақ өлеңінде соны соқпақ салған, реформа жасаған ақын.

Біз, әдетте, қайтыс болған ақын-жазушылар жөнінде айтқанда, аруағы риза болсын деп кейде мақтауын асырып жіберетініміз бар. Алайда, қанша айтсаң да мақтауын жеткізе алмайтын да тұлғалар болады. Олар өте аз. Сол аздың бірі Қадыр Мырзалиев еді. Ол әдебиетке қайталанбайтын құбылыс болып келді, қайталанбайтын құбылыс болып қалды. Қадыр ақын не жазса да жүректің сөзін сөйлейтін.

«Ақындардың бәрі бірдей ой толғайды. Бірақ ойшыл ақындардың бәрі бірдей философ бола бермейді. Сен ойламаған ойың, оқымаған кітабың жоқ, ендігі ең философ ақындардың бірегейі едің. Сенің философиялық толғамдарың қазақ халқының ақыл мен ой-қазынасын одан әрі толықтыра түсті. Сенің мысқылың да мірдің оғындай еді... Адам бойындағы кемшіліктерді мінегенде кері кеткен кенеусіздердің төбесінен жай түсіретінсің.

Сен тоқшыл емес, көпшіл едің. Үйірсек емес, ұйымшыл едің. Сен ешкімнің айтқанына көніп, айдағанына жүрмедің. Өзіңе ғана тән, азаматтық әділ жолмен жүрдің.

Сен соншама кішіпейіл едің. Ақынмын деп асқақтамай, жұрттың бәрімен қоян-қолтық араласып кететінсің. Сенімен сәлемдесудің өзі бір ғанибет болатын. Ақ көңіл, адал пейілмен күлімдей келіп құшақтаса кеткеніңде мерейіміз өсіп, мәз болып қалатынбыз» (*Әзілхан Нұршайықов*)

Өлендерің мен әндерің арқылы қазақ даласын шарлап, әр қазақтың жүрегінде боласың, Қадыр аға! Ән сөзіне айналған сенің рухың жастарға – жігер, қарттарға қайрат береді.

Көк дауылмен жағаласып кемеміз,

Көк мұхитта қақпақыл боп келеміз.

О, Жасаған!

Өстіп жүріп бір күні

Өлеміз-ау,

Өлеміз-ау,

Өлеміз!

Кейбіреулер соны неге ұқпайды,
Қадалады жүрегіме мұң-қайғы.
Мен де өлемін,
Менің бірақ есімім
Жазушылар тізімінен шықпайды!
Пендемін ғой, тау болсам да шөгер ем,
Гүлдей солам,
Бірақ қайта көгерем:
Тірілердің көзіне оттай басылар,
Талай -талай немерем мен шөберем.
Өліп-өшкен ғашық жігіт
Күніне
Мендік көзбен қара сүйген гүліне.
Мен болмаспын, бірақ сөзім оралар
Сайрап тұрған шешендердің тіліне.
Жүрек неге,
Өкпе неге алқынды?
Қимайды ма өте шыққан бал күнді?
Әдемі әзіл бір кездері мен айтқан,
Әлі талай ду күлдірер халқымды.
Амал қанша!
Татар дәмім таусылды.
Қабірістан құшағымен қаусырды...
Жоқ! Өлмеймін!
Елім талай естиді
Лентаға жазып алған даусымды!
Кейбір жырым дән ұшырып қырманда,
Кейбір жырым бақташы боп жүр маңда.
Жоқ! Өлмеймін!

Правом жоқ өлуге,

Сөз сыйлайтын халқым аман тұрғанда!

Қара орман қазақ жұрты көрнекті ақын, асыл азамат, қабырғалы қайраткер, тұғырлы талант Қадыр Мырзалиев секілді аяулы перзентінің асыл бейнесін жүрегінде мәңгілікке сақтайды.

«Менің өмірім тек әдебиет» деп білген ақынның өлеңдері де, тапқыр сөздері де ондаған жылдар бойы қалың қазақтың аузында жүр. Жүре береді де! Ақын үшін бұдан өткен мерей, бұдан өткен мәртебе бола ма?! Қазақ барда Қадыр бар! Сол Қадыр ағаның қадіріне жетіп, әлі де зерттелмей жатқан құнды дүниесін, мол мұрасын зерттеп, зерделеп келер ұрпаққа аманат ету бүгінгі толқынның парызы.

I.1. АҚЫН ӨЛЕҢДЕРІ – ШЫНДЫҚТЫҢ АЙНАСЫ

Поэзия — әлемдік өмірдің қан тамырының құштарлықпен шиыршық ата соғуы, сол өмірдің қаны мен оты, жарығы мен нұры, ал лирика – поэзияның поэзиясы секілді қағида адамзат баласының танымына сөз өнерін тани және таныта алатын қабілет дарығалы бері айтылып келеді. Қадыр Мырзалиев өзінің ақындық, азаматтық өмірінің мәні мен мағынасын осыдан, поэзияның поэзиясынан – лирикадан тапқан.

Ақындық өнер өнер біткеннің алды екендігінде сөз жоқ. Шын талант үшін ақындық өнер емес, өмір. Заманның қилы қияндарында өмірі өлеңіне, өлеңі өміріне айналған талант тағдыры ғана талайлы болмақ. Мұндай талант үшін өлеңсіз өмір жоқ. Қадыр Мырзалиев – өмірі өлеңді, өлеңі өмірлі талант. Қазіргі оқырманның интеллектуалдық деңгейі биік, эстетикалық талғамы жоғары. Олар кез келген қаламгерден әдемі ырғаққа, шымыр да селкеусіз ұйқасқа құрылған өлең ғана іздемейді, әр шығарманың астарынан өзіне ой салар философияны, өзі бұрын көп біле бермейтін ғылыми пайымдаулардың поэтикалық үлгісін, сол арқылы сөз зергері тұжырымдаған соны байлам, тың шешім іздейді. Меніңше Қадырдың қадырын арттырып, өзгелерден өзгешелеп тұратын да осындай ой мен сезімнің тұтасқан бір бүтінге айналып, өлең өмірінің әр кезде де жаңаша сипатта көрінуі, шығарма шешімінің әрқашан да біз күтпеген тұстан келіп шығып, ойлануға итермелеуінде деп түсінемін.

Ол нені жырламасын, бізге беймәлім әлемнің әр түкпіріндегі аң мен құсты, жан-жануарлар мен жәндікті сөз етсе де, ақын ойы, оның өзі өлеңге объект етіп алған дүниесі бізге таныс нәрседей, көзімізбен көріп, қолымызбен ұстағандай анық та айқын болып келеді. Ол қай-қайдағы бегомот па, керік пе, мүйізтұмсық туралы айта ма оларға өзіміздің қазақы

теңеулер мен салыстыруларды шебер пайдаланады. Керек болса, олардың әр килы қасиеттерінің өзін қазақы ұғымдармен сараптайды.

Ақынның «Мүйіztұмсық немесе миллионның тағдыры» деген өлеңіне көз жіберіп көрелік:

Мүйіztұмсық!

Мүйіztұмсық!

Керемет!

Зообаққа бара қалсаң көре кет!

Кішісі бар,

Үлкені бар...

Үлкені

Кем дегенде бір машина береді ет.

Ақын — мүйіztұмсықтың біздің елде кездеспейтінін тәптіштеп жатпай-ақ, оны зообақтан көруге болады деген емеурінмен ғана түсіндіріп өтеді де, оның үлкен екенін «бір машина ет береді» деген қазақы пайымдау арқылы түсіндіреді. Меніңше қазақтан басқа ұлт өкілінің дәл осындай салыстыру жасауы мүмкін емес шығар.

Осынау жазықсыз хайуанның жер бетінен жойылып бара жатуының себебін де кестелі өлеңмен сәтті баяндайды.

Етінде емес бірақ та бар мәселе!

Енді қайтып өркені оның өсе ме!

Мүйізінен дәрі- дәрмек жасасаң,

Деген сөз бар:

Жасарады қартайған,

Әжім түскен,

Ажарынан әр тайған.

Деген сөз бар:

Оралады тағы да

Кәрияға

Күш- қуаты ортайған.

Мүйізтұмсықтың қырылу себебі де өз құлқынына ие бола алмайтын пенденің пендешілігінде екен. Бірақ пендешіліктің асқындап, жазықсыз аңға ажал болып тиюіне негізгі себеп өсек қана. «Дұрыс емес десе де бұл ғалымдар кейбіреулер сенеді осы өсекке» десе де сананы жаулап алған өзімшілдік пен соқыр сенімнің жетегіне ергендер, қара басының қамы үшін күллі дүниені қараң қалдыруға даяр. Адамгершілік, саналылық деген асқақ ұғымдар бәз біреулердің уақытша тоят алар ләззаты үшін аяққа тапталуда. Неліктен? Оған ақын былайша жауап береді.

О адамзат!

Қарамаймын дініңе,

Қайтер еді берік болсаң тіліңе!

Бір білместің айтқан сөзі

Жазықсыз

Жетіп жатыр миллионның түбіне!

Иә, адам ойының адал арнадан шығып бұзылуына, қолын қандап күнәға батуына себеп болған бір-ақ ауыз сөз екен. Адамдардың бойындағы тоқтамға, көнуге ырық бермейтін жыртқыштық қасиеттің құрбаны болған мүйізтұмсықтардың тағдыры ойлап отырсаң кейде сол адамдардың өз тағдыры секілді. Мәселен, «Қызыл кітап» поэмасында «ізім-ғайым жоқ боп кеткен ел де бар, халық та бар»- деп Қадырдың өзі айтпақшы, адам баласының өткен өмір тарихы да бүгінгі іс-әрекетін, таным-түсінігін түзеуге сабақ болар емес. Адамның ақыл-ойы жетіліп, қоршаған ортаның құпия сырларына қаныққан сайын, олардың өлі тбиғаттан ажырап, сол өз анасы

іспетті табиғатқа қаскөйлік көзқараспен қарауы бүгіндері барша жұртшылық болып ойласатын маңызды мәселенің біріне айналып отыр.

Әрбір ұлт, әр халық табиғат әлемін өзінше жырлайды, оған деген көркемдік көзқарастары да әртүрлі. Көбіне «әрбір ақынның немесе жазушының өзіне ғана тән ерекше табиғат образы бар». Қ. Мырзалиевтің де табиғат бейнесі басқа ақындардан өзгеше. Ол табиғатты формалық тұрғыдан ғана қызықтап қоймайды, сол төл табиғаттың әрбір туындысының мазмұнына тереңдей үңіліп, өзіне ғана тән пайымдаулар жасап, өзгелерден окшау сыр түюге шебер. Ол суық аязды: «Қас батырдан қаһарлы, ояздан да озбырлау»-деп суреттесе, көз ұшында көрінген ауыл бейнесін: «Бұлдырайды әне ауыл, буға ұстаған әйнектей» — деп, ал сол суықтағы аттың күйін «Құлагердің танауы, қайнап кеткен шәйнектей» деген ойға қонымды, ойнақы теңеулермен әдемі бейнелейді. Ал әрқашан ақын ойында келісім тауып, жағымды жағымен көріне бермейтін өндірістің суреті де сол біз айтқан сипатта көлбең етіп өте шығады. «Жырақ зауыт түтіні, жын-перінің шашындай» деген жолдарда табиғат тазалығы мен сұлулығына «жын-перінің шашы» секілді зияны мен улы түтінді қарама-қарсы қояды. «Ақындық көзқарас пен көркемдік шешімнің тұтастығы, ой-сезім дүниесінің тереңдігі, бейнелеу жүйесінің көп желілігі, суреттеу құралдарының қашан да сонылығы Қадыр поэзиясының қадір-қасиетін танытады. «Мынау Қадыр ғой», дейсің оның қолтаңбасын ә дегеннен-ақ аңғарып, жаза баспай танып».

Иә, бүгінгі қазақ поэзиясын жалпылай қарастырсақ Қ. Мырзалиевтің жыр жинақтарын парақтай отырып оның қалам тартқан тақырыптарының әр алуан екенін көруге болады. Дей тұрғанменде, ақынның шығармашылық бітімін тұтастай хронологиялық жүйемен салыстыра қараған адам оның тақырыптарының әрқашанда өзгеріп, қарапайымнан күрделенуге бет бұрғанын аңдамай қоймайды. Оның алғашқы өлеңдері балаларға

арналғанымен, сол өлең-жырларының өзі көптеген өмірлік мәселелердің қиын түйініне өзіндік баға берумен ерекшеленетінін білетінбіз. Одан кейінгі кезеңде ақын жырына өзек болған үлкен тақырыптың бірі – туған жер, өскен елге байланысты ой-толғамдар.

Алпысыншы жылдардың аяғы мен жетпісінші жылдардағы ақын поэзиясының алдыға шыққан тақырыбы — «Ана» тақырыбы. Қадыр да ана тақырыбына арнап көптеген өлеңдер жазып, өзінің бұл тақырыпта да ешкімнен кем емес екенін танытқан қаламгер.

Әрине, бұл тақырыптардың бәрі де сол кездегі барлық ақынға тән, ортақ құбылыстар болатын. Соның өзінде Қадыр басқалар мың рет айтқан нәрседен өзгеше ой түйіп, әр тақырыпқа өзіне ғана тән ерекшелік дарыта білді.

Ал Қ. Мырзалиевтің бұрын басқа ақындар көп бара бермейтін ойшылдыққа қол артуы оны сол тұстың өзінде-ақ оны өзгелерден даралап, алда әлі айтар тың пікір, соны ойларының бар екенін аңғартқан болатын. Жетпісінші жылдардан бастап жазыла бастаған экология тақырыбы да Қадырдың бұл саладағы көп ізденісінің, талмай талаптануының жемісі. Қадырдың экология тақырыбына қалам тарта бастаған тұсын анықтап, сол кездегі өзі тұрғылас басқа ақындармен салыстыра тексергенде бұл тақырыпты тек Қ. Мырзалиевтің жеке меншіктеп, өзі ғана түбегейлі игеріп келгенінің куәсі боламыз.

Енді соңғы шыққан жинақтары мен баспасөзде жарияланған лирикасын саралай қарасақ, ақынның адам өмірінің кезеңдері мен отбасылық және қоғамдық қатынастар мәселесіне ден қойып, соның адамгершілік, психологиялық болмысына тереңдей үңіліп жүргенін байқаймыз. Бір жағынан бұл ақын өмірінің толысып, мол тәжірибе жинақтауына байланысты сезілетін қалыпты жағдай сияқты көрінгенмен, шындығында, ақынның

тынымсыз ізденісі өмір, тіршілік сырларын жеке адамның болмыс-бітімінен, оның терең де нәзік сезім қатпарларынан іздеуі, сол арқылы жалпы қоғамдық заңдылықтар туралы өзіндік пікір қалыптастырғанына айғақ бола алады. Ол жеке адамның сана-сезімі өссе, табиғатқа жанашыр топ көбейіп, тұтас бір қоғамдық пікірге ұласса деген түпкі арманын да жасырмайды. Тірі табиғаттың азып-тозуы адамзаттың өзіне қарсы жасалған қаскөйлік екенін, сол дағдарысқа кінәлі тек өзіміз – адамдар екенін де әрдайым қайталап айтудан жалыққан емес. Содан да болар оның лирикалық кейіпкерлері көбіне үлкен істерде көрінетін күрескерлер болып келеді.

Қадырдың экология тақырыбына арнап жазылған лирикалық өлеңдерінің көбісінің басты кейіпкері – ақынның өзі. Оны лирикадағы негізгі идеядан, оған баға беруші, кесімін айтып, үкімін шығарушы ақындық «мен» арқылы іске асуынан да байқаймыз. Жоғарыдан азды-көпті талдап кеткен: «Қамысты көр», «Шарт», «Табиғат тауқыметі», «Қымбат», «Мүйізтұмсық немесе миллионның тағдыры» тағы басқа лирикаларында ақын өзінің ойын тікелей тыңдаушыға жеткізуге тырысады. Яғни, бұл өлеңдерден лирикалық қаһарман ретінде көрінетін ақынның бейнесін айқын аңғаруға болады. «Қазақ өлеңіндегі басты әдеби бейненің бірі – ақын образы» дегенге сүйене отырып, оның ақын лирикасындағы орнына тоқталар болсақ, Қадыр әсіресе соңғы жазған көптеген өлеңдерін тек бірінші жақтан, ақын атынан ғана баяндап қоймай, сол өзі өлеңде қозғаған мәселеге өзі жауап беріп отыратындығы да жиі кездеседі.

«Қазына» деген өлеңінде:

Көзіңізбен көрдіңіз

Таумыз, түзбіз, тақырмыз.

Қазып-қазып жерді біз,

Жегідей жеп жатырмыз, — деп ащы шындықты алдымызға жайып салады.

Адам баласы табиғатты тек тамағын тойдыру үшін ғана бұлдіріп жатқан жоқ, үлкен аумақтарды ядролық бомбаларды сынау үшін пайдаланып жатқанын, жер шарындағы тіршілік үшін Семей, Невада, Лобнур полигондары қаншалықты қауіпті екенін айтып түсіндірудің өзі артық. Адамдар арасындағы кейбір парықсыздардың табиғат анаға жасап отырған осынау қиянатының шынайы суретін өз поэзиясында былайша суреттейді:

Біледі жердің парқын кім!

Білмегендіктен тозды адам.

Ақымақтығынан әркімнің

Аздың-ау аздың

Боз далам!

Иә, аянышты көрініс, көкірегің қарс айырыла күрсініп еске алатын қасіретті сурет. Басқаны басқа дейік, күллі тіршілік атаулының тірегі – қара жердің өзін жегідей жеп аздыруға айналыппыз. Ақынның өлең идеясы арқылы жеткізгісі келген ойы да сол адамдар көңіліндегі аяныш сезімін ояту, көпшіліктің шындыққа көзін жеткізу екендігі өлең мазмұнынан айқын аңғарылып тұр. Қадыр Мырзалиевтің «Бұлбұл бағында» мынадай бір сырлы шумақ бар:

Жүйрік арман қуып жете қалсаң- ақ,

Жалт береді,

Соның өзі бір сабақ!

Осалдар жүр өзін жұрттан артық деп,

Ал мықтылар өзін жұрттан кем санап!

Тап- таза шындық!

Алдымен, азамат ойдың адамында ешқашан арман таусылмақ емес. Ардан туған адам әрқашан арман қуады және арман қуудан жалықпайды, туғаннан өлгенге дейін қуады және сол арманның шегіне жетпейді, жетсе де

жеткенін сезбейді. « Арманым жоқ дейтіндер» қателеседі, яки өтірік айтады. Адамның арманы болмаса, ертеңі болмағаны; арман бітсе, ертеңі бітеді, мақсаты түгесілгені; арманның таусылған жері- адамның өлген жері. Саналы кісіге мұның өзі сабақ екені рас. Содан соң, осалдардың өзіне- өзі қарық боп, өз деміне өзі буланып, жіпсіп, күпсіп жүретіні, ал мықтылардың өзіне- өзі көңілі толмай, өз ісіне өзі разы болмай, өзін- өзі іштей сынап, мінеп жүретіні және рас.

Айтатыны жоқ, осалдық деген де бір ботатірсек бозбалашылық- өз көлеңкесіне өзі жігітсіген қысыр қызтекелік қой! Осалдар өпірем, өрепкіш, бойлауық, күпілдек келеді! Осалдығын сонымен жасырмақ болады. Онымен де қоймай, осалдық омыраулап, мықтылықты біраз көзден тасалап, ықтыра алмаса да бұқтыра тұруы мүмкін. Бірақ мықтылық деген- мықтылық, түбінде бір осалдық атаулының бәрін көне тамдай қопыра құлатып, сілкініп шыға келетіні сөзсіз. Осындай мықтылық иесінің бірі- Қадырдың өзі. Дәлірек айтқанда, Қадырдың қадірі – мықтылығында.

Мықтылығының бір дәлелі: Қадыр өлең өлкесіне күйбеңсіз, кібірткісіз, тіпті ешқашан ешбір жаттығу жасамағандай бірден кәнігі шебер қалпында келді. Күні кеше шәкіртке «сөз сиқырын» үйреткен шабытты шақтарда Ұлы ұстаздың өзі шынтақ сүйеген биік мінбеге киіктің асығындай ғана шып-шымыр қара бала жүгіріп шыққан емес, тура шиырылып түскендей... дік етіп алшысынан тұра қалды да, ағытыла жөнелді:

Адам жылап туады, жатады жұрт жұбатып,

Және жылап өледі, өзгені де жылатып.

Жылайтыны туа сап- жамандар бар қинайтын,

Жылайтыны өлерде- жақсылар бар қимайтын.

Жым- жырт тұна, тына тындаған дүйім жұрт кенет ду- ду етіп, зал іші самал шайқаған көлдей теңселді де кетті.

Хаос гармонияға көшті. Жұрттың бәрі бір деммен тыныстады. әлгі шумақты тыңдаған әр адамға қас пен көздің арасында бұрын ешкім айтпаған бір сыр айтылып, ешкім аспаған бір шындық ашылды да қалды.

Өлең әркімді өзінің өзгеше философиялық тереңіне тартып, оқыс ойға шомдырды да қойды.

— Жаным ау, жанартау ғой мынау – деп таңдай қақты көп ішінен бір білгіш.

— Жанғалы, жалындағалы тұрған жанартау ғой!

Дәл сол тұста Қадыр да дәл осыған үндес тағы бір тылсым сыр ашып, тағы бір қызық түйіп түйін тұрған:

Жанартаудың сөнгендері – даңқты,

Атылмаған жанартаулар – қауіпті.

Тағы да сыр, тағы да шындық. Әркім- ақ айтуға болатын, бірақ айтылмаған сыр; әркім- ақ ашуға болатын, бірақ ашылмаған шындық.

Бүгінге дейін Қадыр ақын қалың оқырманын таңдандырудан, тамсандырудан бір жаза басып көрген жоқ. Неге?

Асылы, адам әдебиетке сұлудың бұрымындай өрілген екі мақсатпен келеді: бірі- өзінен бұрын ешкім айтпағанды айту; екіншісі- өзге ешкімге ұқсамай, тек өзінше айту. Осы екі мақсат орындалған жерде ғана шын мәніндегі әдеби туынды бар. Шын мәніндегі әдеби туынды дегеніміздің, Леонид Леонов айтқандай, мазмұн жағынан жаңалық ашу, пішін жағынан өнер табу болатын себебі де сондықтан. Енді турасына көшсек, мүбәда қазақ поэзиясына осы ғасырдың орта тұсынан өте бере келіп, соңғы отыз жылда тек қана өзіне тән өзгеше мазмұнын ашқан, тек қана өзіне тән өзгеше пішінін тапқан шын мәніндегі шынайы талант екеу болса- бірі, біреу болса- өзі- Қадыр Мырзалиев. Бір кезде өзінің түлеп ұшқан ұясы Қазақ университетіндегі Әуезов аудиториясы ғана білетін кәдімгі бала Қадырдың бүгінде бүкіл елі- туған халқы тұтас таныған қадірлі дана Қадырға айналу себебін де дәл осы арадан іздеген жөн.

Демек, қазіргі қазақ поэзиясын көп дауысты, қуатты оркестр десек, мұның құрамындағы Қадыр мұзасының қайталанбас өз үні, машығы мен мәнері, айшығы мен өрнегі бар; Қадыр лирасының сыңғыры бөлек, сыры терең. Қадыр Мырзалиев соңғы ширек ғасыр меғдарында қатарынан қаздай тізілтіп ондаған кітап берді: «Ақ отау», «Бұлбұл бағы», «Ой орманы», «Дала дидары», «Домбыра», «Жерұйық», «Алақан», «Қорамсақ», «Көкпар», «Қызыл кітап», «Мәңгі майдан», «Қылыш пен қанжар», «Заман- ай», «Алмас жерде қалмас» т.б.

Қадыр өлеңдерінің тақырыбы мен мазмұны- адам, адамға тән алуан түрлі сезімдер, ойлар, толғаныстар, адамның өмірге көзқарасы, адамның табиғатқа қарым- қатысы, сайып келгенде, адамның тағдыры мен тіршілігі. Бұлардың қай- қайсысы да тақырып- мазмұн ретінде жаналық, емес, сан рет толғанған сырлар, жырланған шындықтар, әбден шиыр болған тақырыптар мен мазмұндар. Бірақ осы тақырыптар мен мазмұндардың қандайы болмасын, Қадырдың жырлауында жаңа қырынан, бұрын- соңды ешкім айтпаған соны мағынада, тың пішінде көрінеді. Мәселен, бір өлеңінде «биікке шықпағандардың биіктен құламайтыны» оқыс айшықпен ойнақы кестеленіп, бір өлеңде «қателесем деп қорқудың өзі- қателік» екені ұтымды жеткізілсе, енді бір өлең даңқ, туралы: даңқ деген де бір шың секілді, шың басына шыға алмай, «етекте қалғандардың іші күйсе, басына шыққандардың басы айналатынын» майда, жұмсақ юмормен аңғартады.

Осылардың бәрі әшейін ауызекі айтыла салмайды, әсем өрнекпен, ақындық шабытпен шебер айтылуының үстіне, әр оқушының өзі ойлап, іздеп тауып алғандай, құпия сырмен, қызық астармен айтылады. Өлеңнің ойлылығы дегеннің өзі осы емес пе? Әрбір шын мәніндегі суреткер секілді Қадырдың да кешегі жыры- Адам туралы болатын, бүгінгі жыры да- Адам туралы, ертеңгі жыры да- Адам туралы болмақ.

Ал, Адам, оның тағдыры мен тіршілігі әдеби шығармада әрқашан белгілі бір уақыт пен кеңістікте көрсетілуі шарт. Демек, Қадырдың Адамы да мезгіл- мекенсіз әлдебір абстракциялық нәрсе емес. Сондықтан Мырзалиев поэзиясына үзілмейтін өзекті желі боп тартылып, жан- жақты ашыла суреттеліп, жинақтала тұлғаланып келе жатқан бір күрделі образ бар. Ол- қазақ даласының образы. Осынау шетсіз- шетсіз кең далаға, өзінің туған даласына Қадыр «Ой орманында» бір бөлім арнап, айрықша бір мол шабытпен көкірегін кере, мақтана сөйлеп: «Уа, дала! Кеңдігіне тамсандым көп, айта алман бәрін жазып тауыса алдым деп. Сен- алып пластинка дөңгеленген, инең боп тұрады ылғи ән салғым кеп!»- десе, соның іс жүзіндегі дерегі секілді келесі кітабын түп- түгел далаға арнап, түп- тура – «Дала дидары» деп аталады. «Дала дидары»- Қадыр ақындығының жаңа белесі, тың өрісі.

Александр Блок: ақынның ақындығы – үндестік деп ұққан және осы ұғымын терең теориялық тұжырымға айналдырған. Ал үндестік, яки гармония дегенді шебер суреткердің шындықты сырға, сырды жырға айналдыруы, өмірді өнерге, өнерді өмірге көшіруді, сөйтіп, мынау әлемдік тіршіліктің небір құпия сырларын ғажайып келісімге көшіре танытуы деп түсіндіреді.

«Дала дидарында» тек сырт қарағанның өзінде көзге бірден шалынатын бір түрлі бір композициялық бірлік, тың келісім бар. Ондағы төрт бөлім өзара тұтасқан төрт алкан сыр мен шындықты желілі, арнаулы түрде тарата жырлап жатса, осылардан ара- арасында ақын үш мәрте арнайы лирикалық шегініс жасап, оқырманын өзгеше бір толғаныстарға түсіріп, оның сезімін тербейді. Сөйтіп, ақын мен оқырманның көңіл күйлері өзара тағы бір тың үйлесім, үндестік тапқандай болады. Ал мазмұн жағынан келсек, мұндағы

жүз өлең бір идеялық мақсатқа жарыса жол тартқан тағы да тұтас толғамды сыр, толқынды жыр.

Сонда бір өлең осы даланың күлкісі, қайғысы мен көз жасы, бір өлең әні мен назы болса, енді бір өлең мұңы мен зары, бір өлең күші мен ірілігі болса, бір өлең әлсіздігі мен күйкілігі секілді өзара өріліп тұтасып, кете барады. Жоқ, кете бармайды, ақын өзі суреттеп отырған шындық, құбылыстардан қызық- қызық ойлар, философиялық байыптаулар, парасатты түйін- тұжырымдар қорытып отырады.

Мәселен, «Бабамыздың шоқ басқан табаны мен, бірдей екен жақсысы жаманымен: бір жаманы – тынымсыз көше берген, бір жақсысы- қимаған даланы кең; Бір жаманы- жел сөзге ерген екен, бір жақсысы- тілге ерік берген екен; бір жаманы- кетпенге орашолақ, бір жақсысы- найзагер, мерген екен; Бір жаманы – кешігіп әліппе ашқан, бір жақсысы- күйлері көбік шашқан; Бір жаманы қыздарын малға сатып, бір жақсысы- сүйгенін алып қашқан; Бір жаманы – шаруасын мандытпаған, бір жақсысы- қулықпен жанды ұтпаған; Бір жаманы- үйленіп жеңгесіне, бір жақсысы- жесірін қаңғыртпаған; Тату-тәтті көршілер шыр бұзбаған, бірге тонып суықта, бір мұздаған; бір жаманы- сондада үй салмаған, бір жақсысы- абақты тұрғызбаған!»... Міне, бұл- бір жағынан, осыған дейін әр қырынан суретте көрсетілген дала шындығын енді бірде ойша байыптаудан туған жиынтық- синтез болса, екінші жағынан, байтақ далада ғасырлар бойы ғұмыр кешкен бүтін бір халықтың бір алуан мінез- құлқы екені даусыз.

Байқасақ, осы секілді әр өлеңде автор мөп-мөлдiр шындықты тап-таза ағысқа, ақындық ағысқы айналдырып, соншалық бір кең тыныспен еркін, ешқандай қитықсыз есіле, көсіле жырлаған. Әр өлең кәдімгі «қиыннан қиысу» жағынан жасандылықтан аулақ, соншалық, табиғи, оп- оңай құйыла салған секілді. Ең жеңілі мынау эпифораны оқып көрелік: «Күншілдеп өледі,

Көңілін от қарып. Батырлар өледі, Борышын атқарып. Бұзықтар өледі, Пышаққа құлшынып. Сұлулар өледі, Құшақта тұншығып. Арғымақ өледі, Артында шан қалып. Ақындар өледі, Бәріне таң қалып!» мазмұнындағы қоспасыз шындықты айтпағанның өзінде, пішініндегі мұндай шынайы, сұлу айшықты, яки фигураны асқан шебер ақын ғана жасай алады.

«Табиғатпен табысу», яки «Сағатпен сырласу», «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру», яки «Ауылды ансау», «Кария және күн», яки «Дала мен гүл»...Осылардың қай- қайсысын алып қарамалық, тақырып Қадыр өлеңдерінде бұрын жырланған тақырып болғанымен, қазір мағына- мазмұн жаңарып, жаңа қырынан көрінген, баяғы қаз- қалпында қатып тұрып қалмаған, орынсыз қайталанбаған, уақыт пен, мезгілмен бірге ілгерілеу, даму үстінде көрсетілген.

Қадыр Мырзалиев – сөздің сәйгүлігі, ойдың азарманы. Жеке бастың дара мұңынан бастап, қым- қиғаш халықаралық қайшылықтарға дейін қысылмай, қымтырылмай еркін жырлай алады. Мысалы, Ресейдің Қазақстанның тамыр- тарихындағы алатын және атқарып келген отаршылдық орнын екі-ақ өлең жолымен әдемі жеткізген.

«Қараса егер Ресей түйіп қабақ,
Көмейіңнен өтпейді сұйық тамақ»,- дейді бір шағын поэмасында. Шынында да, солай болып келген.

Қадыр Мырзалиевтің айтқандары бір кітаптан ғана тұрмайды, бірнеше томнан тұрады. Бір ғана әдеби жанрмен шектелмейді, бүкіл көркем жанрларды қамтиды.

Қысқасы, Қадырдың өзі айтқандай, «Ақында бір жанартау- қоздаған шоқ, маздаған от». Ал «Ақынның оты өз дәуірінің жалыны мен жалғасқан жерден Шекспир, Гете, Пушкин туады» (И.Цельвинский).

1.2. Қ.МЫРЗАЛИЕВТІҢ АЗАМАТТЫҚ ЛИРИКАСЫ

Поэзия – әлемдік өмірдің қан тамырының құштарлықпен шиыршық ата соғуы, сол өмірдің қаны мен оты, жарығы мен нұры, ал лирика – поэзияның поэзиясы секілді қағида адамзат баласының танымына сөз өнерін тани және таныта алатын қабілет дарығалы бері айтылып келеді. Қадыр Мырзалиев өзінің ақындық, азаматтық өмірінің мәні мен мағынасын осыдан, поэзияның поэзиясынан – лирикадан тапқан.

Ақындық өнер өнер біткеннің алды екендігінде сөз жоқ. Шын талант үшін ақындық өнер емес, өмір. Заманның қилы қияндарында өмірі өлеңіне, өлеңі өміріне айналған талант тағдыры ғана талайлы болмақ. Мұндай талант үшін өлеңсіз өмір жоқ. Қадыр Мырзалиев – өмірі өлеңді, өлеңі өмірлі талант.

Қазіргі оқырманның интеллектуалдық деңгейі биік, эстетикалық талғамы жоғары. Олар кез келген қаламгерден әдемі ырғаққа, шымыр да селкеусіз ұйқасқа құрылған өлең ғана іздемейді, әр шығарманың астарынан өзіне ой салар философияны, өзі бұрын көп біле бермейтін ғылыми пайымдаулардың поэтикалық үлгісін, сол арқылы сөз зергері тұжырымдаған соны байлам, тың шешім іздейді. Меніңше Қадырдың қадырын арттырып, өзгелерден өзгешелеп тұратын да осындай ой мен сезімнің тұтасқан бір бүтінге айналып, өлең өмірінің әр кезде де жаңаша сипатта көрінуі, шығарма шешімінің әрқашан да біз күтпеген тұстан келіп шығып, ойлануға итермелеуінде деп түсінемін.

Ол нені жырламасын, бізге беймәлім әлемнің әр түкпіріндегі аң мен құсты, жан-жануарлар мен жәндікті сөз етсе де, ақын ойы, оның өзі өлеңге объект етіп алған дүниесі бізге таныс нәрседей, көзімізбен көріп, қолымызбен ұстағандай анық та айқын болып келеді. Ол қайдағы бегомот па, керік пе, мүйізтұмсық туралы айта ма оларға өзіміздің қазақы теңеулер мен салыстыруларды шебер пайдаланады. Керек болса, олардың әр қилы қасиеттерінің өзін қазақы ұғымдармен сараптайды.

Қ.Мырзалиевтің «Қылыш пен қанжар» атты өлеңдер кітабының жарық көргеніне де біршама уақыт болды.

Алтын-күміс ілгері,

Асыл жібек – үстегі.

Арғымақ ат – мінгені,

Ақ ордалар – түскені.

Айдай ару – алғаны,

Ақ ерке күй – шерткені.

Қыран бүркіт – салғаны,

Құмай тазы – ерткені...

Серіктесі – марғасқа,

Сілтегені – алдаспан.

Жастанғаны – жартас та,

Жамылғаны – көк аспан...

Бұл кім? Бұл – қазақ. Қазақ болғанда да, Қадыр Мырзалиев.

Қ.Мырзалиевтің бүкіл шығармашылық әлемін ой көзімен шолсақ, ол сонау 1950-60 жылдары қазақ әдебиетіне дүркіреп келген кезінен-ақ халық ақыны болып қалыптасты.

Ақын болып бірдеңе жазарымда, жыр әлеміне сүңгімес бұрын халық болып алдымен ойлап алам!- деп өзі осы кітабында тауып айтқан.

Көптің әні – өз әнің,

Жатады жыр алмасып.

Барлық жердің қазағы –

Бір бұтақтың алмасы.

Біздің тарих – ол да бір қалың тарих, оқулығына үңілгенде қазақ секілді жанғанынан өшкені көптеу болған, еңбегі еш, тұзы ауыр халық жағында болады.

Не кінә тағасың!

Не пәле жабасың.

Көріпті балық боп,
Тағдырдың табасың!
Бұл әншейін айтыла салған қызыл сөз емес. Өйткені: алмағайып заманда
халықтың ауыз әдебиетіне де ауыз салынған күндер көп болды.

Тауысып барлық амалды
Күрсініп ғалым дем алды.
Мақалдың көбі сотталды,
Эпостың көбі қамалды.
Күресіп өлген хандармен
Хандарға жақын жандармен...
Қалдық та бардық
Бір ғана
Қара қасқа атты Қамбармен!
Ақтарып көне көрінді,
Аруақтан ұрпақ жерінді...
Алыпқа тұсау салынды,
Халыққа сөгіс берілді.
Көз алдымызда ,
Апырым-ай,
Тарихым болды тақырдай.
Сүлмиіп қалды фольклор,
Сүзектен тұрған батырдай!
Ол ол ма! Мұны өткен заманның зұлматына жорысаңыз, күні бүгінге дейін
ұлттық жәдігерліктеріміздің өзін қорғау қиынға соққаны баршамызға аян.
Мұның өзі қиял ма, әлде, елес пе?
Ескерткіштер қирап жатыр дөңесте.
Құлпытасқа қол көтеру, қарағым,
Аруақтарға дүре соғу емес пе?
...Қирап жатқан ескерткіштер көп тегі,

Қарағым-ай, қарғауға сөз жетпеді.
Құлпытасқа түскен сызат,
Жарқышақ –
Жапалақтың таңбасындай беттегі!
Дуылдаған бетіңізді бөтен көзден жасырғанмен, өзіңізден өзіңіз қашып
құтыла алмасыңыз өзіңізге белгілі ғой.
Жи, бауырым,
Жи, бауырым, есінді!
Жауыздыққа куә болды өсімдік.
Табытынан суырып ап аруақты
Тепкіледі деген осы!
Не сұмдық!
Өлең – митингіде миға құяр дабыра – ұран, плакат болып жазылды.
Бабам қазақ бүгін тойса, ертеңгі күнін ойламай қоймады ма?
Оп-оңай
Ұмыта салған кеше көрген аштығын.
Кейбір ері күдер үзіп жасықтан,
Күрессе де қалғанынша қасық қан.
Жылдар бойы жауласудан жалығып,
Дұшпанымен тіл табуға асыққан...
Керек жерде жұмсай алмай күшін де,
Кемшілік бар үлкенімде,
Кішімде.
Сәл ертерек ошағының оты өшкен
Қазағымның бір қайнауы ішінде!
Қарсы келмес бұл сөзіме жөнді ұққан,
Хандық емес,
Жеке-жеке болдық хан.
Бірде олай,

Бірде бұлай, бұл халық,
Қазақ болу оңай емес сондықтан!
Қазақтың ақыны болу да оңай шаруа емес. Өзі туған, өсіп-өнген жерінде
ақын болып өмір кешу де қиын.
Ерлерді мен сыйлаймын елім дейтін.
Елім дейтін,
Өзгеге емінбейтін.
Жеті болсаң, шіркін-ай,
Үшің түгіл,
Екіңіздің өзіне бөлінбейтін!

Бұл – Қадырдың ғана емес, қазақтың көкейтесті ақынының ғана пікірі.
Әрине, Қ.Мырзалиевтің барлық жазғаны – жауһар, аузынан шыққаны –
алтын, қазына болатын.
Сөз өседі –
Аман болса жұрнағы,
Ән өседі сан құбылып ырғағы,
Өлген соң да
Өсіп жатпақ адамның
Бірнеше күн сақалы мен тырнағы...-деп жеңіл-желпі тиянақтай салады.
Сөйте отырып, ақын тағы:
Күлгін тартар қызыл шоқ сөнерінде,
Көлеңке көп кісілік өнерінде.
Адам болып тууын туғанменен,
Өлер көбі пенде боп өлерінде! – деп жазады.
Түн емес сұлу тұлғаң мен,
Топ-толық мынау тоқ күйің.
Адам боп оңай туғанмен,
Адам боп қалу көп қиын!- деп баяғыда жазғаны әлдеқайда бекерлейді.
Жұмыс оңбай,

Тұрмыс оңбай, –
Бәрі оңбай,
Өте шықтың...
Қасіретім Аралдай.
Көрсете алмай бір қызық,
Балаңның да қызығын сәл көре алмай!²-деп «Әке» деген өлеңінде:
Тарт қолыңды!
Тарт қолыңды!
Тәйт, өлім!
Сен одан да тірілтудің тап емін.
Барлығыңды сезбей-сезбей,
О, әке!
Жоқтығыңды бір-ақ сездім,
Қайтемін?!-деп әуелде жазғаны әлі күнге оқырман құлағында күмбірлеп,
жадында қалып жүр.
Табиғат әлемінде басы артық өзен, басы артық жұлдыз, тау, тал жоқ.
Адам таза болмайды ешқашан да,
Айналайын табиғат таза болмай,-дейді ол.
Сайып келгенде, ақын адам тазалығы мен табиғат тазалығы біле-білгенге егіз
ұғым екенін тағы бір рет ұғындырады.
Кеппегендей көктемнің сиясы әлі
Сахараның жусан мен мия сәні,³-деп жазады.
Қыр дегеннің өзі қазақ үшін жусан мен бозторай секілді таныс мекені.
Ақынның тарпаң туралы бір өлеңі бар. Өлеңнің ырғағы, шумағы, бүкіл
болмыс-бітімі, қимыл-әрекеті түгелдей тарпаңның табиғатын береді.
Қанаттанып қиялы
Қырат шерткен күйменен.

² Мырзалиев Қ.Таңдамалы жиақтар:Т.2.Алматы: «Балалар әдебиеті»-2006.

³ Мырзалиев Қ.Таңдамалы жиақтар:Т.3.Алматы: «Балалар әдебиеті»-2007.

Қара тасты табанмен
Қамырдайын илеген.
О, тарпаң-ай, тарпаң-ай!
Алай-дүлей дауылда
Ана-дала тербеген,
Апта жауған жаңбырда
Жылы жатып көрмеген,
О, тарпаң-ай, тарпаң-ай!⁴

Осы жолдардың өзінен тарпаңның табиғаты толық ашылып тұр. Байқап қарасақ, жер бетінен жоғалған аң тек тарпаң емес, адамзат талай тарпаңның түбіне жеткен.

Табиғат туралы жырлар қазақ поэзиясында әрі бай, әрі көркем. Табиғат адамның анасы, қоғамның қорғаны, заманның зердесі. Оны ақын күнбе-күнгі өмірде өзіміз көріп, ұстап, біліп, сезіп, естіп жүрген заттарымызды өзіндік байқауымен өзгеше өрнектейді.

Бұған дейін поэзияда күннің көркін, айдың ажарын, бұлақтың былдырын Қадыр сияқты өте көркем оймен берген ақындар санарлық.

Қадыр Мырзалиев кең тынысты көркем ойдың ақыны. Тіршілік, қоршаған табиғат тақырыбы ақын шығармашылығының бір бөлігі.

Ақын әр кітабында табиғатқа тұтас бір тарау арнап отыруы оның жаңашылдығын, өзіндік бетін, ізденімпаз ақындығынан дерек береді.

⁴ Мырзалиев Қ. Таңдамалы жиақтар: Т.3. Алматы: «Балалар әдебиеті»-2007.

II.1. Қ.МЫРЗАЛИЕВТІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЛИРИКАСЫ

Жеңістен кейінгі желпініс, тоқырау тұсы, желтоқсан желі мен тәуелсіздік үні Қадыр Мырзалиев шығармашылығына жаңа шабыт ала келді. Қадыр – ұлттық сана - сезімге сіңген суреткер санатынан халық сөзі, халық ойын әрқашан бөтен көрген емес.

Прозада қазақ деген халықты әлемге алғаш Әуезов танытса, поэзияда қазақ деген дархан халықты Қадыр дүниеге танытты.

Шығармаларының тең жартысы табиғатты, сол ортада өмір сүріп жүрген жан-жануарлар денесін жаралайтын әрекеттерге қарсы болады.

Осы өмірдің өзінің азсынғандай азабын,
Ойлап тапқан зұлымдар неше түрін жазаның.
Ойлап тапқан аяққа болат кісен салуды,
Ойлап тапқан арқадан таспа тіліп алуды.
Ойлап тапқан сауырға күйген темір басуды,
Ойлап тапқан арқанмен буындырып асуды,
Бірақ соның бәрі де жасытпаған батырды!⁵

Ақын санамалап шыққан осынау аңдар тәнін қинап, азапқа салатын адам қолымен жасалатын әрекеттерге жан-тәнімен қарсы шығады. Сол кездегі өкіметке, табиғат қорғаушыларына тікелей наразылығын білдіреді.

Сосын патша оларды қанатынан қайырып,
Жер аударып бастаған туған жерден айырып.
О, зұлым-ай, зұлым -ай! О, ант атқан, ант атқан!
Осал жерін ерлердің қалай ғана дәл тапқан.⁶

Үлкен ақын өз түйсіктерін ірі қорытады, ұлы түйін жасайды. Әрине, табиғаттағы тылсым сұлулықтың сырын түсіну, оны орынды қызықтай білудің де шегі барлығын ақын одан әрі аша түседі.

⁵ Мырзалиев Қ. Таңдамалы жинақтар: Т.3. Алматы: «Балалар әдебиеті»-2007.

⁶ сонда

Қ.Мырзалиевтың алғашқы жыр жинағының бірі «Ой орманында» адам туралы, мәңгілік сезімдер жайын сөз етеді.

О, туған жер, жыр күтіп далаң менен,
Мен далаңнан нәр алып аман келем.
Екі нәрсе мәңгілік: Бірі-өзің де,
Бірі - мендік махаббат саған деген.⁷

Келесі бір шағын лирикасында Қадыр адамзат басынан өткен қайғыны көріп, куә болған қара жердің құдіретін өз алдына бағалайды.

Бұл қара жер болған бізге кең мекен,
Сол мекенге қанша қауіп төнді екен!
Білсең оны төбе шашың тік тұрар,
Оның тіпті көрмегені кем де кем!

Алғашқы шумақтан қара жерге қауіп төндіріп тұрған стихиялы табиғи құбылыстар болса, екінші шумақта қара жерге қауіп тудырған халық жауларын да атап, туған жердің бір қарысы үшін қан кешкен азаматтар жайын тілге тиек еткен.

Қара жерге қан жалатқан әйтсе де,
Гитлерлер, Батулар мен Шыңғыстар!⁸-деп айқындап ашып көрсетеді.

Қ.Мырзалиев табиғаттың алдындағы адам жауапкершілігін, оның өз анасына деген қастандығы деп түсінген.

Жердің көрген қорлығы көп,
Жетеді,
Ол жыласа жасқа толар етегі...
Аяғаннан,
Алдыма алып кейде оны
Маңдайымнан сипағым кеп кетеді!

⁷ Мырзалиев Қ. Таңдамалы жинақтар: Т.3. Алматы: «Балалар әдебиеті»-2007.

⁸ сонда

Осындағы жердің қорлық көруі, оның жылап, етегінің жасқа толуы дәл Ана бейнесін береді.

Табиғаттың адам өміріндегі мәніне тереңдей үңіліп, оның маусымды ауысуларын адамның бүкіл тағдырына балайды, жунглиге ұқсатады.

Адамдардың сезімі, жан-дүниесі, ақын айтқандай, жунгли екені рас.

Адам боп оңай туғанмен,

Адам боп қалу көп қиын!⁹ - деп ақын тұжырымды ой айтады.

Сезетұғын сияқты осы бастан бекем ұл

Дүниенің тұтқасы Адамарда екенін!¹⁰ - деп, Қадыр ақын Адам ұлылығын, күдіреттілігін мына өлеңде берген.

Көресінің көкесін көрген де – Адам.

Құрышты қамшы ғып өрген де – Адам.

Найзағайдай атылған жолбарыстың.

Жағын қолмен айырып берген де- Адам

Қадыр лирикасында адам мен қоғам проблемасына, олардың әр кездегі қарым-қатынасына, Адам ұлылығына жете көңіл бөлген ақын.

⁹ Мырзалиев Қ. Таңдамалы жинақтар: Т.3. Алматы: «Балалар әдебиеті»-2007.

¹⁰ сонда

II.2 ЛИРИКАЛЫҚ КЕЙІПКЕР ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ

Қазақ лирикасының философиялық тереңдігі артып, мазмұнының түр жаңалықтарына өте бай екенін байқаймыз.

Қ.Мырзалиевтің лирикалық кейіпкер туралы айтқан бұл толғамдарының салмағы мен тәрбиелік мәні өте орынды.

Әр ақын өзінше бір - бір әлем. Бірақ өлеңнің Ұлттық мінездің қазіргі қазақ өлеңіндегі бітім-болмысы дегенде, әсіресе, Қ.Мырзалиевтей дәл сомдайтын ақын санаулы.

Дала менен қалаға,

Ортақ өскен баламын,

Қарыз алсам біреуден,

Қала құсап аламын.

Қарыз берсем біреуге.

Дала құсап беремін, - дейді.

Бұл жерде, біріншіден, лирикалық кейіпкердің, ойлауы мен әрекеті бір.

Осы тұрғыдан келгенде, қарызды біреуге дала құсап беріп, қала құсап алудағы ұлттық бітім көрінеді.

Қ. Мырзалиевтегі:

«Аман қалған шабуылдан жүздеген,

Батыр халық екенбіз ғой біз деген.

Аямаған жұрттан нанын, тұзбенен

Жомарт халық екенбіз ғой біз деген.

Айтысатын ақсақалмен, қызбенен,

Ақын халық екенбіз ғой біз деген

Келешектен бірде күдер үзбеген,

Жарқын халық екенбіз ғой біз деген.

Астындағы атын алты ай іздеген,

Аңқау халық екенбіз ғой біз деген.

Әттең! Бабам маңдайынан аққан сор,
Ақырғысы басымырақ жатқан соң.»¹¹ - деген өлең жолдарында халық басынан өткен ащы тарихтан хабардар етеді.

Өлеңдегі тартыс пен мінез жарқырай көрінетін дәл осы қатарларда бар.

Ол бастан жомарт қазақ топырағы,

Ол қашан дастарқансыз тоқырады.

Мейманға нәрін беріп, барын беріп,

Қонақтан қалғанын жеп отырады.

Немесе;

Қонақ бізге тағдырдың ұл бергені секілді

Кім болса да, қазақтың бір көргені секілді

сондай-ақ:

Қазақ осы

Құда бол деп қинайтын,

Құдаларын құдайындай сыйлайтын.

Қазақ осы

Дүние мен малыңды

Оңды-солды шашу үшін жинайтын.¹²

Бұлар енді қонақжайлылық, меймандостық жайында болса, дәл осы қонақжайлылықты ұлттық болмыспен дәл беріп отыр. Қазақ өлеңінің ұлттық мінезі дегенде ақынның сезінуі мен ойлауының дәлме-дәл келетін тұстары оқырманды таң қалдырады.

Сыншылдарым шуласа да айтайын

Газ исінен көңнің исі жақсырақ- десе бұған иланбау, сенбеу мүмкін емес. Бұл жерде рух, ұлттық сана бар.

Қазақ өлеңіндегі ұлттық мінездің жарқырай көрінетін тағы бір тұсы-

«Малын емес, қызын бағып кемпірлер,

¹¹ Мырзалиев Қ.Таңдамалы жиақтар:Т.2.Алматы: «Балалар әдебиеті»-2006.

¹² сонда

Босағаға жатып алған көлденең»

немесе;

Күндіз-түні жаппайды ел есігін,

Көршілердің қылығын елесін кім.

Бір әжейдің кебісі

Бір әжейдің

Аяғында жүреді келесі күн, - деген сияқты өлең ұлттық мінездің әдебиетте, әсіресе, поэзияда, оның ішінде өлеңде бейнеленуін Қ.Мырзалиевтің мына шумақтарынан көреміз:

«Бір жаманы — тынымсыз көше берген,

Бір жақсысы — қимаған даланы кең.

Бір жаманы — жел сөзге ерген екен,

Бір жақсысы — тілге ерік берген.

Бір жаманы — кетпенге орашолақ,

Бір жақсысы — найзагер, мерген екен.

Бір жаманы — кешігіп әліппе ашқан,

Бір жақсысы — күйлері көбік шашқан.

Бір жаманы — қыздарын малға сатып,

Бір жақсысы — сүйгенін алып қашқан.

Бір жаманы — шаруасын мандытпаған,

Бір жақсысы — қулықпен жанды ұтпаған.

Бір жақсысы — жесірін қаңғытпаған.

Бір жаманы — сонда да үй салмаған,

Бір жақсысы — абақты тұрғызбаған,¹³ - немесе,

Келеді төпеп тимегені үшін,

Бәрінен бұрын

¹³ Мырзалиев Қ.Таңдамалы жиақтар:Т.2.Алматы: «Балалар әдебиеті»-2006.

Сүймегені үшін- деген шумақ осы айтқанымызға дәлел. Бұл жерде ұлттық мінездің өлеңде бейнеленуінің әр түрлі қыры бар.

Күншілдер өледі,

Көңілін от қарып,

Батырлар өледі

Борышын атқарып

Бұзықтар өледі

Пышакқа құлшынып,

Сұлулар өледі,

Құшақта тұншығып.

Арғымақ өледі

Артында шаң қалып

Ақындар өледі

Бәріне таң қалып, - деп ақындық мінез жайын айтуы да шындық пікір.

Боз белден құлады бір сағым көші,

Боз қырау қисықты ойлап езілмеші.

Баран түн қылаң таң боп бозарғанда

Басымнан сипағандай боздақ ағам,

Боздағам, сағыныштан қозғағам ән,

Боласың боза ішкендей ауа жұтып,

Боз жусан, боз көделі, боз даладан, - деген сынды өлең қатарларында, дала бейнесін жасауда Қ.Мырзалив шығармаларының шоқтығы басқалардан биіктеу тұратынын білеміз.

Қ.Мырзалиевтің табиғатты бейнелейтін өлеңдерінде лирикалық кейіпкер келісті көріністі тарих арқылы беріп отырады.

Ал келесі бір үзіндіде Оқжетпестің беріктігін Қазақстанның төзіміне теңесе, Көрікті жердің бірі Баянауылды суреттегенде, лирикалық кейіпкер дәл суретті көз алдыға алып келеді.

Ал бұлты мен желіне қатысты: «Биязылық тапсам қандай бұлтынан» десе, Жасыбай көлінің зейнетті көрінісін көргенде:

Жаз ойланып, күз ойланып,

Жел теңеуге жол бермедім.

Жердің бетін жүз айналып,

Сендей жәудір көл көрмедім - деп тамсанады. Сұлулықты жел теңеуге берілмей өте қарапайым, көркем суреттейді.

Қ.Мырзалиевтің табиғатты суреттеулерінде лирикалық кейіпкер – тек сүйсіне қараушы ғана емес, жанашыр, қамқор.

Кез келген өлең өмірінде көркем әдебиеттің басқа туындыларындағы сияқты өзіндік қорытындысын айтады.

Жоғалтты күлкісін, шаттығын,

Жоғалтпай қалды тек,

Мәрттігін, -делініп аяқталады. Бұл мысалдан, біріншіден, ақынның қазақ халқының шын перзенті, ұлттық мақтанышы екенін көреміз.

III. ҚАДЫР МЫРЗАЛИЕВТІҢ «НҰР» ӨЛЕҢІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ САБАҚТЫҚ ҮЛГІ

Сабақтың тақырыбы: Қадыр Мырзалиевтің «Нұр» өлеңі

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: ақын өлеңін талдай отырып, идеялық мазмұнын ашу, өлең тілінің көркемдігін жеткізу;

Дамытушылық: оқушылардың ой көкжиегін дамыту, сөйлеу тілін байыту, ауызша және жазбаша ойларын еркін жеткізуге бағыттау, шығармашылыққа баулу;

Тәрбиелік: оқушыларды табиғатты қорғауға, мәпелеп баптауға, отансүйгіштікке және адамгершілік сапаларға тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Жаңа сабақ

Сабақтың типі: Жаңа материалды меңгерту

Сабақтың әдіс – тәсілдері: Ой қозғау, түсіндірмелі, талдау, тест.

Сабақтың көрнекілігі: Интерактивті тақта

Пәнаралық байланыс: Қазақ тілі

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

Оқушылардың ынтасын сабаққа аударып, назарын тақырыпқа бағыттау.

II. Қызығушылығын ояту.

Ой шақыру. «Ғажайып алаң» стратегиясы.

1.Қадыр қазақтарды кімдерге таныстырды? (Шетелдік қонақтарға)

2.Қадырдың қазақ тілі сөзінің синонимімен және «ынсап», «ұят»сөздерінің синонимімен кездесетін өлеңі. (Ана тілің – арың бұл)

3.Қадырдың қазақтың ұлттық аспабымен аталатын өлеңі. (Домбыра)

III. Жаңа сабақ.

Қазақ деп белі қайысқан, қаңтарда туған қыран Қадыр Мырза Әли 1935 жылы Орал облысы Жымпиты ауданында дүниеге келген. Мектеп бітірісімен Қазақ Ұлттық Мемлекеттік университеттің филология факультетінде оқиды. Оқуын бітіріп, шығармашылықпен айналысқан ақын еңбек жолын «Балдырған» журналынан бастаған.

Қадыр Мырза Әли – балалар ақыны. Ол дүниенің барлық тынысын, жаратылыс әлеміндегі барлық құбылыстарды, құс біткеннің сайрағанын, жан – жануарлардың қарекеттерін бақылып, көкірегіне түйіп, көргендерін балаларға қаз қалпында жеткізу үшін күш – жігерін аямаған.

Екі шектің бірін қатты,

Бірін сәл – пәл кем бұра.

Қазақ – нағыз қазақ емес,

Нағыз қазақ – домбыра, - деп қазақтың қара домбырасын шырқау биікке көтеріп тастаған да Қадыр ағамыз болатын.

Қадыр Мырза Әли – халық даналығының білгірі. Оның «Күміс қоңырау», «Ой орманы», «Дала дидары», «Бұлбұл бағы», «Ақ отау», «Домбыра», «Көш», «Жер қыры», «Биік баспалдақтар» деп аталатын кітаптарының барлығы балаларға арналған.

Сондықтан да Қазақстанда ең оқырманы көп, балалардан достары көп ақын Қадыр Мырза Әли деп айта аламыз. Қазақстанға танымал ақын, халық жазушысы. Қадыр Мырза Әлидің өлеңдері мен халыққа тарған әндерін білмейтін адам кемде - кем. Қадыр атамыздың 1959 жылы алғашқы кітабы жарық көрді. Қазіргі таңда 30 шақты өлең жинақтары бар. Өлеңдері орыс, неміс, украин, литва, эстон, грузин, өзбек, тәжік, қырғыз, түрікмен, татар, башқұрт, қарақалпақ, ұйғыр тілдеріне аударылған. Бұл ақын үшін де, біздер үшін де үлкен бақыт. Қадыр Мырза Әли талантты ақын, драматург. «Сөз сиқыры» деген кітап жазған сыншы.

Сабақты бекіту.

1) *Қ.Мырзалиевтің өмір жолына шолу жасап өтемін.* Кітаптары мен өлеңдері жөнінде сыр шертіп, орыс тіліне аударылған өлеңін аудармасымен балаларға оқытамын.

2) *«Нұр» өлеңін мәнерлеп оқып беремін.*

3) *Өлеңді тізбектетіп 4 оқушыға оқытамын.*

4) *Ақын табиғат сұлулығын жырлауда қандай көркемдегіш сөздерді қолданған ?*

1. Арудай – теңеу

2. ақ жаңбыр, ақ қайың – эпитет

3. ақ жаңбыр – душ – метафора

4. Жүздері жайнап қалды жауыннан кейін шөптердің – кейіптеу.

Әдебиет теориясы сұралады.

5) *Өлеңнің бір шумағын құрылысына қарай талдау.*

Бақтың да шөлі қанады – а

Бақшаның дәмін жеп көрдім – б

Жүздері жайнап қалады – а

Жауыннан кейін шөптердің – б

2 бунақ, 8 буын, шалыс ұйқас.

6) *Кім тапқыр? «Нұр» сөзі кездесетін мақал – мәтелдер ойлап табу.*

7) *Құрамында нұр сөзі кездесетін қай ақынның өлеңін жатқа білесің?*

8) *Ойлы болсаң, озып көр*

- *«Нұр» сөзінен басталатын кісі аттарын айту.*

Айтқан кісі аттарының біріне фонетикалық талдау жасаңдар

9) *«Түйінді сөздер стратегиясы».* Оқушылар әр шумақты мазмұнына қарай қысқаша түйіндеп қорытындылайды.

Шалғайын шалқар малшыған

Шілде мен тамыз нышаны

Бұлт келді,

Шаң ғана болса,
Көктен нұр кетті.
Қалдырма.
Топырлап ұрған тамшыдан
Терезелер де құшағын
Топырақ иісі бұрқ етті. **(Алғашқы тамшы)** Түгелдей ашты жаңбырға
(Сағыныш)

10) Тапқырлық таныт

Қадыр Мырза Әлидің француз тілінен қазақ тіліне аударған жұмбақтарын шешу.

- *Кім әйнекті сындырмай көктеп өтеді? (күннің сәулесі)*
- *Баспана іздеп басын қатырмайтын бөбек (Кенгурудың баласы)*
- *Екеуі қатар тұрады, бірақ бірін – бірі көрмейді?(Көз)*
- *Менің қалтам бос, бірақ ішінде бірдеңе бар. Ол не? (Тесік)*
- *Қандай ағаш өсуін тоқтатады? (Жаңа жылдық шырша)*
- *Өзі дыбыс шығармайды, дыбыстың бәрін жұтып жатады. Ол не?*
(құлақ)

11)Тест сұрақтары.

- 1.Қадір мырза Әли қай жылы туған?
А)1936 ә)1925 б)1935
2. Қадыр Мырза Әли кім?
а)ақын, жазушы ә) сазгер б) ғалым
3. Қадыр Мырза Әлидің өлеңі?
а) Он саусақ ә) Жаз лебі б) Қызыл кітап
4. 2001 жылы Қадір Мырза Әли қандай сыйлық алды?
а)Халық Қаһарманы
ә) Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығын алды.

б) Кеңес Одағының сыйлығы

5. Қадір Мырза Әли қай жылы қайтыс болған?

а) 2010 ә) 2012 б) 2011

12. Қорытындылау. Ақын К.Ахметованың Қадыр Мырза Әли жөніндегі пікірімен аяқтаймын.

Үйге тапсырма.

1. Қадыр Мырза Әлидің өмірі мен шығармашылығына зерттеу жұмыстарын жүргізу.
2. Нұр өлеңін жаттап келу.
3. «Табиғатты аялағанның тынысы кең» деген тақырыпта шығарма жазып келу.

Бағалау.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бітіру мамандық жұмысымның қорытындысын қазақ халқының белгілі ақын қызы Күләш Ахметованың сөзімен түйіндесем: «Қадыр Мырза Әли - ұлт ақыны. Қазақ деген тегі мықты, тарихы бай, тағдыры күрделі, түйсігі мың қатпар, қалтарысты, астарлы, тысты, алапат тілді, қабілетті қаһарман, қайсар халықтың тұңғыығына бойлап, кеңдігіне кепіл боп, бітіммен біте қайнасып, ұлылығын, рухын, ар-ұятын, үмітін барынша әспеттей отырып, кемшінің мінін, қайғысын, сорын азаматтық тұрғыда қазып айта алған, сыншыл да ойшыл ақын. Ұлы ақын.»

Бітіру мамандық жұмысы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттерден тұрады.

Кіріспеде тақырыптың өзектілігі негізделенеді, басты деректер көзі көрсетіліп, шолу жасалады. Жұмыстың мақсаты мен міндеттері, территориялық және хронологиялық ауқымы, теориялық және методологиялық негіздері, ғылыми құндылығы мен практикалық маңызы және сыннан өтіп талқылануы, құрылымы беріледі. Жұмыста Әдебиет сабақтарда оқушылардың дүниеге көзқарасын қалыптастыратын, олардың идеялық-саяси және моральдық-эстетикалық жақтарынан өсіп жетілуіне көмектесетін, Қ.Мырзалиев шығармашылығы арқылы лирика түрлерін, ұлттық әдебиетті үйрететін, оқушылардың ғылыми-салыстырмалы ойлай білушілік қабілетін жетілдіретін, ізденімпаздығы мен талғамын дамытатын пікірлер берілген.

Қадырдың қалам тербеменген тақырыбы жоққа тән десек те болады. Қадыр Мырза Әли шығармаларының тақырыптары әр алуан. Ақын табиғат сұлулығын «Нұр», «Түн кірпігін ілмейді» атты өлеңдерінде ерекше бір сыршылдықпен жырлайды. Ақын өзінің «Дала дидары» жинағында қазақ даласының өткеніне көз жүгіртіп, болашаққа үлкен үмітпен қарайды:

Қазаққа дала керек, ғарыш керек,
Керемет кеңдік керек, алыс керек,
Шайқасса – қоян емес, барыс керек,
Жүйрігін сынау үшін – жарыс керек...

«Атамекен», «Табиғат тазалығы» т.б. өлеңдерін нағыз ұлт ақыны біртуар дарын иесі туған жер тақырыбына арнап жазған.

Ақынның өлеңдері ТМД халықтарының көптеген тілдеріне, шет тілдерге аударылған. Қ.Мырзалиев Овидийдің, Румидің, Гейненің, Гюгонның, Лермонтовтың, Есениннің, Расул Гамзатовтың, Эдуардас Межелайтистың жырларын қазақ тіліне аударған. 1996 жылы “Халық жазушысы” атағы берілді.

Бітіру мамандық жұмысының мақсаты қазақ халқының ұлтжанды ақыны Қадыр Мырзалиев шығармашылығы және оның «Нұр» өлеңін мектепте оқыту арқылы ұлттық құндылықтарын анықтау.

Екіншіден, қазақ әдебиеті тарихын мектепте оқыту дәстүрлері мен тәсілдерінде кездесетін ортақ проблемаларын шешуде, жоғарғы оқу орындары үшін арнайы курстар мен оқу құралдарын құруда т.б. қолданылады.

Басты мақсат қазақ поэзиясының құлагерлері саналатын Қадыр шығармашылығын жаңа қырынан тану, қарастыру, оның азаматтық сипатын ашып көрсетуді мақұл көрдік. Жұмыстағы деректер мен қорытындыларды ғылыми еңбектерде, өлкетану, саясаттану, мәдениеттану сабақтарында пайдалануға болады.

Зерттеудің нәтижелері мен қағидалары қазақ халқының рухани мәдени ізденістерін, дәстүрлі дүниетанымын саралап, бір жүйеге келтіру мақсатында қолданылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Каримов И.А. Соғлом авлод – бизнинг келажагимиз. Т., Ибн Сино, 2000
2. Каримов И.А.. «Ёшларимиз-халқимизнинг ишончи ва таянчи» Т. 2006.
3. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. 2006 жыл. Алматы.
4. Алпыспаев Қ. Көркем шығарманы талдау жолдары. – Алматы, 1995.
5. Ақшолоқова Т. Көркем шығармаға талдау жасау. А., 1969.
6. Әдебиет оқыту әдістемесі. 7-сынып. А. 2007
7. Әдебиет оқыту әдістемесі. 5-сынып. А. 2007
8. Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. А., 2003.
9. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. А., 1997.
10. Бұзаубақова Қ.Ж. Оқытудың инновациялық педагогикалық технологиясы бастауыш сынып оқушысын дамыту құралы ретінде. А. 2006.
11. Жаңа педагогикалық технологиялар. Алматы, 2005 жыл.
12. Жұмажанова Т. Қ. Әдебиеттен кластан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. А., 1995.
13. Жұмажанова Т.Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. А. 2009 ж.
14. Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. А., 1969.
15. Қазақ әдебиеті пәні бойынша қазақ мектептеріне арналған бағдарлама. 5-9 сыныптар. А., 1999.
16. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. А., 1985.
17. Қоңыратбаев. Ә. 4-7 сыныптарда әдебиетті оқыту методикасы. А. 2001
18. Құрманбаева Г., Дүйсебаев С. Әдебиет сабақтарының үлгілері. А. 1999.
19. Мырзалиев Қ. Таңдамалы жиақтар: Т.2. Алматы: «Балалар әдебиеті»-2006.
20. Мырзалиев Қ. Таңдамалы жиақтар: Т.3. Алматы: «Балалар әдебиеті»-2007.
21. Мызалиев Қ. Баянбай Қ. Өлеңдер, ертектөр... – Алматы: Балауса-1993.
22. Педагогика. Х. Ибрагимов. Ш. Абдуллаева. Ташкент. 2007 ж
23. Тасболатұлы Қ. Қазақ әдебиеті пәнін оқыту әдістемесі. Тараз. 2002.
24. Толибов. Т. Педагогик технологияларнинг татбиқий асослари. Т. 2006 ж

25. www.tdpu.uz

26. www.pedagog.uz

27. www.Ziyonet.uz

28. www.edu.uz

29. [tdpu-INTRANET. Ped](#)

МАЗМҰНЫ

Автордың аннотациясы.....

Кіріспе.....

I ТАРАУ

I.1. Ақын өлеңдері – шындықтың айнасы.....

I.2. Қ.Мырзалиевтің азаматтық лирикасы.....

II ТАРАУ

II.1. Қ.Мырзалиевтің философиялық лирикасы.....

II.2. Лирикалық кейіпкер және ұлттық мінез.....

III ТАРАУ

Қадыр Мырзалиевтің «Нұр» өлеңіне байланысты сабақтық үлгі.....

Қорытынды.....

Пайдаланған әдебиеттер.....